

## Талдықорған қаласының әкімдігі қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 04 қаңтардағы № 5 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 25 қаңтарда № 4084 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Талдықорған қаласының әкімдігі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Талдықорған қаласы әкімдігінің регламентін бекіту туралы" 2014 жылғы 28 шілдедегі № 22-760 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2843 тіркелген, 2014 жылдың 12 қыркүйегінде "Талдықорған" газетінде жарияланған);

2) "Талдықорған қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 28 шілдедегі "Талдықорған қаласы әкімдігінің регламентін бекіту туралы" № 22-760 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 2-24 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3039 тіркелген, 2015 жылдың 13 ақпанында "Талдықорған" газетінде жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің аппарат басшысының міндетін атқарушы Серик Оспанович Базарбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімінің  
міндетін атқарушы*

*А. Тұтұбаев*